«6D020400-Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Бокыбаев Нурбакыт Абдыгалиевичтің «Цирк қазіргі мәдениет перфомансы ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 4. Елдің зияткерлік әлеуеті бағыты ішінен – 2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер: 2.8 Мәдениет және өнер саласындағы пәнаралық зерттеулер. Қазақстанның креативті индустриясы
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	6D020400 – Мәдениеттану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның **маңыздылығы**	Зерттеу жұмысы қазақ цирк өнерін мәдениеттанулық және перформативтік талдау кеңістігіне шығарып, оның тарихи негіздерін, көркемдік құрылымын және заманауи даму динамикасын ғылыми

		ашылған/ашылмаған.	тұрғыдан қайта пайымдауы арқылы гуманитарлық ғылымдарға айтарлықтай үлес қосады. Автор қолданған пәнаралық әдістер (мәдениеттану, антропология, перформативтік теория, этнография) цирк феноменін жаңа методологиялық деңгейде түсіндіруге мүмкіндік береді Диссертация ұлттық мәдениеттегі цирк өнерін зерттеу саласындағы олқылықтың орнын толтырып, қазақ өнерінің ерекшеліктерін жүйелі сипаттайтын тың ғылыми база қалыптастырады. Зерттеу жоспарының құрылымы, теориялық тұжырымдардың дәлдігі және материалдардың ғылыми талдауы жұмыстың маңыздылығын толық дәлелдейді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Қорғауға ұсынылған диссертация автордың ғылыми мәтін жазу дағдысының жоғары деңгейде екенін анық көрсетеді. Ізденуші өзінің баяндау стилін сақтай отырып, күрделі теориялық ұғымдарды дәл, бірізді және сауатты қолданады. Жұмыс барысында отандық және халықаралық зерттеулерді кең көлемде талдап, оларды салыстыру, жүйелеу және дербес қорытынды жасау қабілетін айқын көрсеткен. Мәтіннің логикалық құрылымы, тұжырымдардың дәлдігі мен ғылыми тілдің бірізділігі автордың тақырыпты терең меңгергенін және зерттеу нәтижелерін өздігінен қалыптастыра алғанын дәлелдейді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген**; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі терең әрі сенімді негізделген. Автор цирк өнерін ұлттық мәдени кодпен, дәстүрлі перформативтік тәжірибелермен және тарихи-этнографиялық бастаулармен байланыстыра отырып, бұл өнер түрінің қазіргі мәдени кеңістіктегі мәнін айқын ашады. Жаһандану жағдайында ұлттық өнерді зерттеу, оның түп-тамырын анықтау, тарихи сабақтастығын сақтау және мәдени саясат контекстінде бағалау – маңызды ғылыми міндеттердің бірі. Ізденуші осы сұрақтарды кешенді түрде қарастырып, зерттеу тақырыбының теориялық та, практикалық та салмағын дәлелді негіздейді. Зерттеу қазақ циркі мен дәстүрлі орындаушылық мәдениеттің сабақтастығын ғылыми тұрғыда көрсетіп, цирк өнерін ұлттық бірегейлікті нығайтатын мәдени феномен

			ретінде ашады. Диссертацияның құрылымы, ойдың бірізділігі мен тараулар арасындағы логикалық байланыстар оның өзектілігіне қатысты тұжырымдардың толық дәлелденгенін көрсетеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны оның тақырыбын толық ашады және «цирк қазіргі мәдениет перформансы ретінде» деген ғылыми проблеманы жан-жақты қарастырады. Жұмыс құрылымы тарихи-мәдени, теориялық, перформативтік және этнографиялық талдауларды біріктіріп, цирк өнерінің көпқабатты табиғатын көрсетеді. Бірінші тарауда цирк өнерін зерттеуге қажетті теориялық-әдіснамалық база талданып, перформативтілік теориясы, мәдени антропология және посткеңестік зерттеулер аясында негізгі ұғымдар жүйеленген. Екінші тарауда дәстүрлі перформативтік тәжірибелер: сал-серілік, бақсылық, трикстерлік және арғымақтық өнер цирктің мәдени негізімен байланыста қарастырылып, тарихи-этнографиялық сабақтастық айқындалады. Үшінші тарауда Қазақ мемлекеттік циркінің заманауи даму контекстіндегі рөлі зерттеліп, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы маңызы, сондай-ақ Nomad Stunts феноменінің жаңа мәдени бренд ретіндегі орны этнографиялық материалдар арқылы талданады.
		1) **айқындайды;**	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және оның құрылымында жүйелі түрде іске асырылған. Автор цирк өнерін перформативті мәдени феномен ретінде зерттеуді мақсат етіп, осыған байланысты міндеттерді анық, нақты және ғылыми талаптарға сай айқындаған. Теориялық және эмпириялық материалдардың мол қамтылуы, міндеттердің кезең-кезеңімен орындалуы және нәтижелердің мақсатқа сай берілуі – диссертацияның қойылған мақсатқа толық жеткенін дәлелдейді.
		1) **сәйкес келеді;**	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертация құрылымы жағынан бірізді, ғылыми логикаға толық сәйкес келеді. Мәтін теориялық база, тарихи-мәдени талдау, этнографиялық зерттеу қорытынды тұжырымдар желісімен өрбіп, тараулар өзара табиғи

		1) **толық байланысқан**;	түрде байланысып отырады. Бірінші тарауда ұсынылған теориялық-әдіснамалық ұстанымдар кейінгі бөлімдерге мықты негіз болады. Екінші тарауда осы теориялар дәстүрлі перформативтік тәжірибелер арқылы нақты тарихи-көркемдік контексте түсіндіріліп, сал-серілік, бақсылық, трикстерлік және арғымақтық өнер талданады. Үшінші тарауда Қазақ мемлекеттік циркі мен Nomad Stunts жөніндегі этнографиялық деректер теориялық тұжырымдарды толық растап, цирк өнерінің мәдени трансформациясы мен ұлттық репрезентациядағы рөлі ғылыми дәйекпен көрсетіледі. Жалпы алғанда, диссертацияның тараулары бір-бірін толықтырып, ортақ ғылыми концепцияға бірігеді.
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автордың ұсынған жаңа ғылыми шешімдері мен әдіснамалық тәсілдері зерттеу барысында кең салыстырмалы талдаудан өткізіліп, бұрынғы еңбектердің контексінде орынды бағаланған. Ізденуші классикалық мәдениеттанулық, этнографиялық және өнертанулық тәсілдермен шектелмей, оларды перформативтілік теориясы, семиотика, постколониялық зерттеулер және мәдени антропологиямен ұштастыра отырып, жаңа интерпретациялар жасайды. Зерттеуде шетелдік және отандық авторлардың ұстанымдары салыстырылып, олардың кейбіріне сыни баға берілген. Автор ғылыми пікірлерді жәй ғана қайталамай, олардың артықшылықтары мен шектеулерін айқындап, өзінің ғылыми логикасына сай қайта пайымдаған. Ұлттық мәдени код, цирк өнерінің семиотикалық табиғаты, перформативтік репрезентация сияқты мәселелер бойынша ұсынылған жаңа тұжырымдар нақты деректермен дәлелденген.
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертацияда ұсынылған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар зерттеу саласына жаңа серпін береді. Қазақ циркі алғаш рет мәдени код тұрғысынан, перформативтік ұстанымдар негізінде, ұлттық репрезентация және посткеңестік бірегейлік контекстінде кешенді қарастырылған. Бұған дейін қазақ циркі көбіне тарихи немесе
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			этнографиялық сипатта зерттелген болса, бұл жұмыста цирк өнеріне семиотикалық, философиялық, мифологиялық және антропологиялық қырлардан терең талдау жасалып, жаңа ғылыми түсіндіру деңгейі қалыптасады. Зерттеуде арғымақтық өнердің рухани-мәдени мәні, сал-серілік пен бақсылық дәстүрлерінің цирк перформансымен байланысы, кеңестік идеологияның цирк өнеріне ықпалы және Nomad Stunts-тың жаңа мәдени бренд ретіндегі феноменологиясы алғаш рет жүйелі түрде ғылыми интерпретацияға түседі. Этнографиялық сұхбаттар мен артистердің кәсіби тәжірибесіне негізделген эмпирикалық материалдар да жаңа теориялық тұжырымдарға жол ашады. Жалпы алғанда, диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері ауқымды, негізді және мазмұн жағынан толықтай жаңа деп баға беруге болады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары жаңалығы жағынан айқын ерекшеленеді. Автор қазақ циркін зерттеуде бұрын қолданылмаған перформативтік талдау, мәдени-семиотикалық интерпретация және посткеңестік зерттеулердің теориялық қырларын тұңғыш рет бір арнаға біріктірген. Бұрын тек этнографиялық деңгейде қарастырылған цирк феномені бұл жұмыста терең мәдени-философиялық мазмұнымен жаңаша сипатталып, ұлттық мәдениеттегі орны қайта пайымдалады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу гуманитарлық салаға жататын жұмыс болғанымен, автор ұсынған мәдени талдау модельдері, цирктегі ұлттық кодты түсіндіру схемалары және перформативтік тәсілдер инновациялық әдістемелік шешім ретінде құнды. Бұл тәсілдер цирк өнерін зерттеудің жаңа ғылыми бағытын көрсетіп, болашақтағы зерттеулерге әдіснамалық негіз бола алады. Этнографиялық талдау, семиотикалық құрылымдарды айқындау және перформативтік модельдерді қолдану зерттеудің жаңашыл сипатын нақтылай түседі.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның негізгі қорытындылары терең ғылыми дәлелдерге сүйенген және толықтай негізделген. Автор теориялық-әдіснамалық әдебиеттерді, тарихи-мәдени материалдарды және сапалық деректерді жүйелі талдап, нәтижелерді дәлелді түрде ұсынады. Зерттеу мәдениеттану, өнертану және гуманитарлық ғылымдардың қазіргі даму үрдістеріне сәйкес келіп, қазақ циркіне қатысты жаңа ғылыми интерпретациялар береді. Жұмыстағы тұжырымдар тек теориялық маңызы жағынан ғана емес, мәдени ұйымдар, шығармашылық орталар мен ғылыми мекемелер үшін қолданбалы тұрғыдан да құндылыққа ие болып, диссертация қорытындыларының толық негізделгенін айғақтайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді**; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;**	7.1 Негізгі қағидаттар **толық дәлелденген.** Автор қорғауға ұсынып отырған алты негізгі қағидатты жан-жақты негіздеп көрсеткен. Бұл қағидаттар диссертацияда қолданылған теориялық әдіснамамен, тарихи-мәдени деректермен және эмпириялық материалдармен өзара сабақтасып, тұтас ғылыми жүйе түзеді. Әрбір ереже зерттеу нәтижелерімен нақты расталған және ғылыми аргументация деңгейі жоғары. 7.2 Әр қағидат **тривиалды емес** саналады. Зерттеу барысында ұсынылған қағидаттардың ешқайсысы үстірт немесе жалпыға мәлім тұжырымдар емес. Керісінше, олар күрделі мәдени-философиялық және перформативтік үдерістерді түсіндіруге бағытталған және бұрынғы зерттеулердің шеңберін кеңейтеді. Автор жаңа интерпретациялар ұсынып, ғылыми талдаудың жаңа ракурстарын ашады. 7.3 **Мейлінше жаңа.** Қағидаттардың мазмұны да, оларды ашуда қолданылған әдіснамалық тәсілдер де ғылыми тұрғыдан тың, жаңаша. Автор қазақ цирк өнерін ұлттық мәдени код, тарихи сабақтастық, перформативтік репрезентация, посткеңестік өзгеріс сияқты аспектілер

		2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1**) ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	арқылы қарастырып, осы салаға жаңа пәндік бағыт ұсынады. Бұл ережелер бұрын ғылыми айналымда болмаған мәдени байланыстың жаңа қабаттарын ашуға мүмкіндік береді. 7.4 **Қолдану деңгейі кең.** Қорғауға ұсынылған қағидаттар тек теориялық деңгейде ғана емес, практикалық салада да кең қолданыс таба алады. Зерттеу нәтижелері мәдениеттану, философия, этнология, өнертану пәндеріне, ұлттық мәдени ұйымдар мен цирк мекемелерінің әдістемелік жұмысына тиімді енгізілуі мүмкін. Оқу үдерісінде бакалавр, магистратура және докторантура кезеңдерінде пайдалануға болатын тиянақты теориялық материалдар да берілген. 7.5 Диссертацияда баяндалған қағидаттар автордың ғылыми жарияланымдарында толық түрде көрініс тапқан. Зерттеу нәтижелері 7 ғылыми публикацияда жарық көрген, олардың ішінде: – **1 мақала** — Scopus базасына енген жетекші халықаралық журналда жарияланған (FIIB Business Review, 2025); – **2 мақала** — ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған тізімдегі отандық ғылыми журналдарда жарияланған; – **3 мақала** — халықаралық ғылыми конференция жинақтарында жарық көрген, оның ішінде **1 шетелдік басылым** бар.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) **ия;** 2) жоқ.	Зерттеуде қолданылған әдіснамалық база зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді және жан-жақты негізделген. Автор тарихи-генеалогиялық талдау, мәдени-антропологиялық тәсілдер, салыстырмалы зерттеу, этнографиялық бақылау сияқты ғылыми әдістерді үйлесімді қолдана отырып, цирк феноменінің кешенді табиғатын ашуға мүмкіндік берген. Әдіснаманың мұндай үйлесімі алынған нәтижелердің ғылыми дәлдігі мен сенімділігін айқындайды.

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеу барысында материалдарды сұрыптау, құрылымдау және мәтіндік деректерді жүйелеуде заманауи компьютерлік бағдарламалар мен аналитикалық құралдар тиімді пайдаланылған. Сандық технологиялар ақпаратты өңдеуді жылдамдатып, интерпретациялау сапасын жақсартқан, бұл жұмыстың әдіснамалық деңгейін және нәтижелердің ғылыми дәлдігін күшейткен.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар қазақ циркіне қатысты тарихи, этнографиялық және мәдени-антропологиялық деректермен нақты негізделген. Автор цирк өнерінің қалыптасу эволюциясын, оның фольклорлық-ритуалдық тамырларын, сал-серілік пен бақсылық тәжірибесімен және арғымақ мәдениетімен байланысын ғылыми тұрғыдан жүйелі талдайды. Қазақ циркінің кеңестік кезеңдегі трансформациясы, посткеңестік бірегейліктің қайта қалыптасуы, ұлттық сипаттың цирк кеңістігінде көрінуі сияқты мәселелерде өзара логикалық жүйеде қарастырылған. Автор ұсынған «ұлттық цирк идентификациясының кезеңдік моделі», «перформативтік код», «эпигенетикалық қайта құру» тәрізді модельдер циркті тек өнер түрі ғана емес, мәдени мағына өндіретін әлеуметтік институт ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, теориялық тұжырымдар толық дәлелденген және жалпы ғылыми базаны кеңейтеді.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және **сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеуде келтірілген негізгі тұжырымдар беделді ғылыми дереккөздерге сүйеніп дәлелденген. Отандық және шетелдік әдебиеттер кең көлемде қамтылған, әрбір маңызды пікір тиісті ғылыми еңбектермен бекітіледі. Бұл зерттеудің деректік базасының толымды екенін және ғылыми

			аппараттың сапалы деңгейде құрылғанын көрсетеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі **әдеби шолуға жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертацияда 248 ғылыми еңбек пайдаланылған, олардың көпшілігі цирк өнерінің теориялық, тарихи және мәдени контексттерін ашуға бағытталған. Автор перформативтік теория, мәдени антропология, эстетика, өнертану, кеңестік және посткеңестік мәдени өзгерістерге қатысты еңбектерді жүйелі талдап, тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейін толық көрсеткен. Сонымен қатар, қазақ циркіне арналған сирек дереккөздер, архив материалдары, алғашқы цирк әртістерінің естеліктері және кәсіби цирк сыншыларының еңбектерін кеңейту әдеби шолудың эмпириялық ауқымын одан әрі байыта түсер еді. Дегенмен, ұсынылған әдебиеттер жиынтығы зерттеу мақсаттарына толық сәйкес келеді және жұмыстың теориялық-әдіснамалық негізін қамтамасыз етеді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	Зерттеу жұмысы теориялық тұрғыдан маңызды үлес қосады. Автор қазіргі мәдени процестерді саралай отырып, қазақтың дәстүрлі ритуалдары, сал-серілік, бақсылық, трикстерлік және арғымақтық перформативтік тәжірибелердің цирк өнерімен тарихи және мәдени байланысын жаңаша пайымдайды. Диссертация синкретизм, мәдени трансформация, перформативтік репрезентация және ұлттық мәдени код ұғымдарын жаңа ғылыми деңгейде аша отырып, қазақ циркіне қатысты теориялық түсіндіру аясын айтарлықтай кеңейтеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ.	Жұмыстың практикалық маңызы айтарлықтай жоғары. Зерттеу нәтижелері мәдени саясатты жетілдіруде, ұлттық өнерді қолдау механизмдерін жобалауда және цирк ұйымдарының шығармашылық даму стратегияларын қалыптастыруда қолдануға мүмкін. Диссертациядағы тұжырымдар білім беру саласы үшін де құнды: мәдениеттану, өнертану, антропология пәндерінің оқу бағдарламаларын толықтыруға, оқу-әдістемелік материалдар әзірлеуге және

			шығармашылық мекемелер жұмысының мазмұнын жетілдіруге ықпал ете алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Зерттеуде ұсынылған практикалық шешімдер өз мазмұнымен де, қолданылған тәсілдерімен де жаңашыл сипатқа ие. Автор цирк өнерін дамыту, ұлттық мәдениетті репрезентациялау және креативті индустрияларды ынталандыру бағытында бұрын ғылыми айналымда болмаған ұсыныстар береді. Бұл ұсыныстар мәдени институттардағы нақты практикалық мәселелерді шешуге бағытталған және қолданбалы тұрғыдан құндылығы жоғары.
		1) **толығымен жаңа**;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу тілі жоғары деңгейде орындалған. Мәтіннің құрылымы жүйелі, тұжырымдар логикалық ретпен берілген, ғылыми стиль талаптары сақталған. Пайдаланылған терминология дұрыс әрі бірізді қолданылған, ал техникалық рәсімдеу (дәйексөздер, библиографиялық сілтемелер, кестелер, құрылымдық элементтер) белгіленген стандарттарға сәйкес келетінін көрсетеді.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертация жоғары ғылыми деңгейде орындалғанымен, зерттеуді одан әрі жетілдіруге қатысты бірқатар ұсыныстар беруге болады. Біріншіден, жұмыста цирк өнерінің мәдени-философиялық сипаты терең ашылғанымен, қазіргі заманғы цирк индустриясындағы институционалдық өзгерістер, менеджмент, креативті индустриялар саясаты сияқты салалар бойынша заманауи зерттеулерді кеңінен тарту диссертацияның қолданбалы аспектілерін күшейте түсер еді. Бұл бағыттар халықаралық деңгейде белсенді дамып жатқандықтан, олардың кейбір тұжырымдарын қазақ циркіне бейімдеп қолдану зерттеудің теориялық өрісін кеңейтеді. Екіншіден, диссертацияда этнографиялық материалдар жеткілікті қамтылғанымен, цирк көрермендерінің қабылдау тәжірибесі, аудиторияның мәдени талғамының трансформациясы және цирктің қоғамдық кеңістіктегі рөлі сияқты мәселелерге тереңірек тоқталу жұмыстың мәдени-семиотикалық қырын толықтыра түсер еді. Қазіргі циркті қабылдау динамикасын зерттеу цирктің ұлттық бірегейлікті

			қалыптастырудағы ықпалын жан-жақты көрсетуге мүмкіндік береді. Аталған ескертулер диссертациялық жұмыстың жалпы ғылыми деңгейіне әсер етпейді. Керісінше, олар болашақ зерттеулерге бағдар беретін бағыттар ретінде қарастырылуы мүмкін.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Scopus мақаласы – "Leveraging the shift in the geocultural landscape towards internationalizing cultural entrepreneurship" мақалада Nomad Stunts мысалында геомәдени өзгерістердің мәдени кәсіпкерлік пен халықаралық шығармашылық индустрияларға ықпалы талданған. Авторлар мәдени капитал, шынайылық, интернационалдану және креативті экономиканың өзара байланысын теориялық және эмпирикалық деңгейде ашып, топтың жаһандық табысының факторларын жүйелі негіздейді. Автор «Цирк өнері мәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде» (әл-Фараби Хабаршы) атты мақалада цирк өнерін мәдениеттанудың дербес зерттеу объектісі ретінде қарастырады. Онда жонглерлік, халықтық күлкі мәдениеті, карнавал дәстүрі және денелік перформанс сияқты элементтердің тарихи-мәдени архетиптермен байланысы талданған. Автор цирктің әлеуметтік жад пен мәдени репрезентациядағы символдық рөлін ашып көрсетеді. «Embodied Aesthetics and Philosophy in the Traditions of Sal-seri, Stilt Walkers, and Tricksters» (Қарағанды университетінің хабаршысы). Бұл зерттеуде сал-сери, ағашаяқшылар және трикстерлердің эстетикалық және философиялық мәні, олардың әлеуметтік рөлі терең талданады. Автор бұл дәстүрлерді ойын-сауықтан гөрі мәдени-рухани феномен ретінде сипаттап, олардың қазақ дүниетанымындағы этикалық, әлеуметтік және эстетикалық маңызын ашады. Муызка, әзіл, ритуал және денелік өнер синкретизмі арқылы көшпелі қоғамның өнер философиясы көрсетілген. «Қазақстандағы Цирк өнерінің бастаулары мен дамуы» (Монография)

			Монография Қазақстандағы цирк өнерінің қалыптасуы мен эволюциясын кең тарихи ауқымда қарастырып, кәсіби цирктің даму кезеңдерін, ұлттық ерекшеліктерін, аймақтық мектептерді және цирк династияларының рөлін кешенді түрде талдайды. Тарихи, этнографиялық және өнертанулық деректерді біріктіру арқылы автор ұлттық цирк өнерінің мәдени маңызын терең көрсетеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		6D020400 – Мәдениеттану мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын

Ресми рецензент:
Затов Кайрат Айтбекович
философия ғылымдарының докторы
Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінің дінтану кафедрасының профессоры

_____ _____ _____

(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі) **(қолы)** **(Аты-жөні)**

«14.11.2025»

(күні)

Кадрларды басқару бөлімі
подпись заверяю
қолын растаймын
кадр бөлімі
отдел кадров